



Белес

Сыр елінде күрделі ота жасалды



Сыр елінде алғаш рет 7 жастағы қыз балаға тимпанопластика отасы жасалды. Ота облыстық көпбейінді балалар ауруханасында шамамен 2,5 сағатқа созылды. Оған оториноларинголог дәрігер Айбол Қонысбаев, анестезиолог Абзал Мамытбекұлы және мейірбике Жанат Жалғасбай қатысты.

— Кішкентай пациентіміз бір жылда отит диагнозымен ауруханаға төрт рет жатып шықты. Ата-анасы оны басқа жаққа алып баруға мүмкіндігі жоқ екенін айтып, бізге сенім артты. Сондықтан қала емханаларының біріндегі аппаратты алып, алғаш рет ота жасауға бекінді. Ота барысында Астанада оқып, жұмыс істеген уақыттағы тәжірибеме сүйендім. Сондай-ақ елордадағы профессорлардың кеңесіне жүгіндім. Абырой болғанда бастама сәтті өтті, — деді майталман дәрігер А.Қонысбаев.

Науқасты ұзақ жыл бойы құлағынан ірің ағу жағдайы мазалап келген. Тексеру кезінде науқастың құлақ жарғағы тесілгені анықталып, оған жаңадан жарғақ, яғни перде салуға тура келді. Дәрігер мұндай диагноз

бен тіркелген адамдар өңірде жиі кездесетінін айтты.

— Бала тұмауратқанда тамағы іріңдеп, асқыну салдары құлаққа өтеді. Соның кесірінен құлақта ақау пайда болып, пердесі тесіледі. Өкінішке қарай мұндай ауру жас талғамайды. Дегенмен балаларда көбірек кездеседі. Қызылордада ота жасалмағасын Алматы, Астана сияқты мегаполистерге баруға тура келетін. Соған шамасы келмей, ауру асқынғасын аппаратқа таңылатын адамдар аз емес, — деді ол.

Айта кетейік, соңғы екі жылда облыстың барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 225 жаңа санитарлық автокөлік табысталды. Халық сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алы-

нып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Осылайша санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты.

Аймақтың медицина саласын өркендетуге бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 млрд теңге қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» орталығы ашылып, қажетті дәрі-дәрмек алынды. Қор облыстық онкология орталығын құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Мұндай кешен республиканың 3 өңірінде ғана бар.

2023 жылы ауданға қарасты Мырзабай ахун, Есет батыр ауылдарында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен дәрігерлік амбулатория салынып, ел игілігіне табысталды. Сондай-ақ былтыр дәл осындай медициналық ғимарат Қаракеткен ауылында да ашылды.

Ж.АРЫН

Еңбек адамы



Теміржолшы Мадина

Мамандықтың қай-қайсысы болса да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Күрделі саланың бірі — теміржол тамыз айының алғашқы жексенбісі — теміржолшылар күні. Қиындығы мен қызығынан бұрын, асқан жауапкершілікті талап ететін шойынжолда шыңдалған мамандардың қашанда еңбегі ерен. Мереке қарсаңында аталған сала қызметкерлерімен тілдесіп, жұмысының жай-күйімен таныстық.

Аудандағы Бадрақовтар отбасын теміржолшылар әулеті десе де болады. Атақесіті жалғастырып ұрпақтан қазір бесінші буын теміржол саласында еңбек етіп келеді. Бүгінгі кейіпкеріміз Мадина Бадрақ — бұл әулетте осы саланы таңдаған төртінші буын. Атасы Бадрақ түйе жеккен арбасымен теміржолға толырақ үйіп жұмыс істеп, «Орынбор-Ташкент» теміржолын салуға атсалысқан. Әке жолын қуған ұлдары да бұл салада қажырлы еңбек етіп, бүгінде салаға нәмере-шөберелері серпіл беруде.

Жастайынан әкесі Мырзаханның жанында жүріп, мамандығының қыр-сырына қанығып, әкесінің еңбек жолын жалғастыруды мақсат еткен ол Қызылордадағы Исатай Әбдікерімов атындағы аграрлық теміржол колледжіне оқуға түскен. Мадинаның айтуынша, әкесі Мырзахан бұл салада жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жол шебері болып 42 жыл еңбек еткен. Адал және қажырлы болып еңбек етіп «Құрметті теміржолшы», «Еңбек ердегі» атағын иеленген.

Әкем бұл салаға саналы ғұмырын арнап, күндіз-түні адал еңбек етті. Біз де ес білгелі өміміздің

жанында болып, оған қолғабыс еттік. Әр пойыздың дауысы, қозғалысы бізге етене таныс. Кішкентайымыздан теміржолдың бойында өстік. 10 сыныпты бітірген соң оқуға түсуге емтихан тапсырдым. Алайда мен түсе алмай, құлап қалдым. Сонда әкем мені өзінің жанына 1 жыл жұмысқа алды. Сол кезден бастап бұл мамандыққа деген қызығушылығым арта түсті, — дейді ол.

Осылайша әкесінің жанында жүріп, бір жыл еңбек еткен бойжеткен өз таңдауымен теміржол саласына оқуға түсіп, алғашқы еңбек жолын туған жері Қармақшы ауданы Абыла ауылында бастаған. Кейін тұрмыс құрып, осында қоныс аударған соң қызметін қайта жалғастырған.

Жалпы теміржол саласында жолаушыларға қызмет ету, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, вагондармен жеткізілген жүктерді қабылдап алу секілді жұмыс түрі көп. Мадина Мырзаханның саласында жүк қабылдаушы болып еңбек етіп келе жатқанына биыл — 23 жыл. Ол айына 60-70 вагон жүкті жекелеп қабылдап алады. Көбіне ұн, сүт, сусындар мен құрылыс заттарын қабылдап алып, егелеріне

бүтіндей аман-есен табыстайтынын айтады. Сондай-ақ ол басқа қалаларға, тіпті шет елдерге де жүк жөнелтеді. Мәселен, Әзірбайжан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстанға жиі күрші жібереді.

Ел экономикасының құрметіне саналатын күрделі салада ерлермен иық тіресе жұмыс жасап жүрген Мадина бүгінге дейін бірнеше рет алғыс хаттармен марапатталған. Қазіргі таңда ол еңгелі отбасында 2 ұл 2 қыз тәрбиелеп отыр. Ұлын уяға, қызын қияға қондырған ана — бүгінде 3 нөмере сүйіп отырған бақыты әже. Айта кетейік, кейіпкеріміздің жолдасы да — осы салада 15 жыл станция жұмысшысы болып қызмет еткен сала майталманы.

Иә, теміржолшылардың қашанда еңбегі ерен. Бйткені жолаушылардың алыс жерлерге аман-есен жетуінің, жүк тасымалының қарқынды дамуының артында теміржолшылардың темірдей төртбі тұр. Еңбек адамы Мадина алдағы уақытта да адал еңбегімен нәпақасын тауып, саланың өркендеуіне өз үлесін қоса бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Слет

Жұмысшы маман — ел болашағы



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Осыған орай, еліміздің барлық өңірінде жұмысшы мамандықтарды насихаттау, еңбек адамын қолдау және жұмысшы кәсібінің мәртебесін арттыру бағытында ауқымды шаралар қолға алынды. Сыр өңірінде де «Жұмысшы мамандықтар жылын» мазмұнды әрі жүйелі өткізу мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, түрлі жобалар жүзеге асырылуда.

Өткен аптада Қызылордада «Жұмысшы жас мамандар» слеті өтті. Ауқымды жиынға еліміздің бірнеше өңірінен, сондай-ақ барлық аудан мен қалалардан 100-ден астам жұмысшы жас маман арнайы қатысты. Пленарлық отырыста облыс әкімінің орынбасары өңірде «Жұмысшы мамандықтар жылында» атқарылған жұмыстарды кеңінен тарақтты.

Иә, жастар — қоғамның қозғаушы күші. Мемлекет басшысының бұл бастамасын есіресе жастар қауымы ерекше ықыласпен қарсы алды. Елімізде түрлі форматтағы шаралар ұйымдастырылып, жастарды қолдауға бағытталған игі бастамалар қолға алынды. Тіпті бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда.

Айта кетейік, қазіргі таңда аймақта 28 колледж бар. Оның 19-ында 45 мамандық, 49 біліктілік бойынша жұмысшы кадрлар даярланып, жалпы 20341 студенттің 4 890-ы жұмысшы мамандығы бойынша білім алуда. Биыл 2 колледж базасында тігін цехы ашылды. Халықаралық байланысты дамытуда колледждер Түркия, Қырғызстан, Германия, Ресей, Латвия, Өзбекстан, Польша мемлекеттерінің 7 халықаралық, 98 республикалық және 56 аймақтық оқу орындарымен 161 ынтымақтастық меморандумына қол қойды. «Мансап қомпасы» платформасы ар-

қылы 3000 оқушыға кәсіби бағдар берілді, 20 мың оқушыға кәсіпорын базаларына экскурсиялар ұйымдастырылып, 40 мектеп базасында бейінді сыныптар ашылған. Аймақта ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, өндіріс орындары ашылды. Нәтижесінде жаңа жұмыс орындары көптеп ашылуда.

Слет жұмысы барысында жастар «Қызылорда облысының жұмысшы жас мамандарының ассоциациясын» құру бастамасын көтерді. Бұл бастама өзге өңірлерден келген қатысушыларды да қанаттандырып, зор қолдауға ие болды. Жиын соңында еліміздің және аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан жастар аймақ басшысының алғыс хатымен марапатталды.

Слетке қатысушылар өңірдегі өндіріс орындарын аралап, оқу орындарының заманауи материалдық-техникалық базасымен танысты.

Жастар «Orda Glass Ltd» ЖШС шыны зауытына, Бесарық ауылындағы өндірістік нысандарға, «Qazusa Arena» стадионы мен Оқушылар сарайына, сондай-ақ Теннис орталығы, облыстық тарихи-өлкетану музейі, музыкалық колледж, «Анаға тағзым», «Өнер» және «Отбасы орталықтарына» барды.

Жалғасы 2-бетте

2 ҚОҒАМ

Жұмысшы маман – ел болашағы



Сонымен қатар С.Ықсанов атындағы құрылыс және бизнес, И.Әбдікерімов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінің оқу-өндірістік мүмкіндіктері мен жабдықталу деңгейін көріп, ондағы білім беру үрдісімен танысты.

Айта кету керек, 25 шілде күні слет қатысушылары Байқоңыр қаласына арнайы іс-сапармен барып, әлемге әйгілі ғарыш айлағы мен тарихи музейді аралады. Бұл іс-сапар жастарға ғылыми-техникалық жетістіктерді өз көзімен көруге, сондай-ақ Байқоңырдың ел дамуындағы тарихи маңызы жайлы мол мағлұмат алуға мүмкіндік берді.

Ауданда әлеуметтік салада оң өзгерістер байқалуда, халықты жұмыспен қамту және жаңа жұмыс орындарын ашу бағытындағы шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Әлеуметтік салада жақсы өзгерістер бар деп айтуға толық негіз бар.

Биыл жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызды құрады, жас-

тар арасында бұл көрсеткіш шамамен 4 пайызды құрап отыр. Ұлттық жобалар аясында 16 жоба арқылы 160 адамды жұмыспен қамту жоспарланған. Қазіргі таңда 7 жоба бойынша 95 адам жұмысқа орналастырылып, бұл жоспардың 59 пайызын құрайды.

Мұнан бөлек ауданда әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға арналған қайырымдылық шаралары тұрақты түрде өткізіліп келеді. Бұл жұмыстар осал топтарға қолдау көрсетіп, олардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Жұмыссыздықты төмендету және тұрғындардың экономикалық белсенділігін арттыру үшін кәсіпкерлікті қолдау және жаңа бизнес бастамаларын дамыту басты басымдыққа ие. Жергілікті билік осы бағытта нақты шараларды жүзеге асырып, тұрақты жұмыс орындарын ашу үшін күш салуда.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Басы 1-бетте

Нәтиже

Халық 100 пайыз ауызсумен қамтылған

Биыл I жартыжылдықта ауданда инфрақұрылым бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Бүгінде аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауыз сумен қамтылып отыр. Сонымен қатар Есет батыр елді мекенінде ауызсу жүйесін қайта жаңғырту жобасы қолға алынып, құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Жоба құны – 388 млн теңге, оның ішінде биылға 38 млн теңге қаралған. «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің басшысы Фани Дюсекбаев салада 6 айда атқарылған жұмыс бойынша халықпен есепті кездесуінде осылай деді.



Фани Дюсекбаев I жартыжылдықта «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі халықты ауыз сумен қамтамасыз етуде нәтижелі жұмыс жасағанын айтады. Сондай-ақ орын алған апаттық жағдайларды қалпына келтіру, таратылған ауызсу көлемінің қаржысын жинау жұмыстарын атқарған. Биыл мамандарды толықтыру жұмыстарының нәтижесінде 98 жұмысшы-қызметкерден 112 жұмысшы-қызметкерге өскен. Елді мекендердегі насос станса машинистері 3 адамға толығын жұмыс жасауда. Аудан бойынша ауызсумен қамтамасыз ету тәулік бойы үздіксіз жүзеге асуда.

Айта кетейік, өндірістік бөлімше базасына тіркелген жалпы 91 бюджеттік мекеме мен 151 заңды тұлға су есептегіш құралымен ауызсу пайдалануда. Жеке тұлғалардан 6 844 абоненттен, ауызсу пайдаланушы 34 105 тұрғын тіркелген. Оның ішінде су есептегіш құралын 5 864 тұрғын үй орнатқан. Осы уақытқа дейін су есептегіш құралынсыз және қосымша нүктесі бар абоненттерге мыңнан астам су есептегіш құралы ор-

натылған. Су есептегіш құралынсыз ауызсу пайдаланушы тұрғындардың басым бөлігі аудан орталығында және Мәдениет, Аққұм елді мекендерінде орналасқан. Фани Дюсекбаев ауызсу пайдалануда ысырапшылдықта жол бермеу үшін бөлімше тарапынан су есептегіш құралын орнату, мерзімі жеткен құралдарды ауыстыру бойынша тиісті жұмыстар жалғасатынын айтады.

Биыл 6 айда ауданда таратылған су көлемі және ауыз су қаржысын жинауда нәтижелі жұмыс бар. Тарқатып айтсақ, «Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі тарапынан биыл 435 813 текше метр су тұтынушыларға таратылған. Сол бойынша 35 288 296,89 теңге қаражат жиналды. Оның ішінде 14 264 406,84 теңгесі жеке тұрғын үйлердің үлесінде. Жыл аяғына дейін қаржы жинау жұмыстары жалғасады.

Жыл басынан бері бөлімшенің филиалы тарапынан ұйымдастырылған рейдтік іс-шаралардың нәтижесінде рәсімделген тексеру актілерінің 100 пайызы өндірілген. Су шығындарын болдырмау үшін су есептегіш құралын 100

пайызға жеткізу қажет. Фани Дюсекбаев сондықтан бұл бағытта тиісті жұмыстар жалғасатынын жеткізді.

Спикер субсидия қаржысын игеру жұмыстарында кейбір елді мекендерде адам санының айырмашылығы орын алғанын жасырмайды. Бірақ бүгінде ауыл әкімшілігі мен бөлімшенің есебі бір жүйеге келтірілген. Жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстарына келсек, жыл басынан бері өз деңгейінде нақты міндеттер атқарылған. Оның ішінде насос стансаларын сырлау, ақтау, ашып-жабу реттегіш арматураларын майлау жұмыстары да бар. Күрделі жөндеу жұмыстарына қажетті ашып-жабу арматуралары, вантуз және қайтарма клапандар қажетті сұраныспен алынып пайдалануда.

Ауданда биыл 6 айда 67 апаттық жағдай орын алған. Апаттық жағдайларды дер кезінде қалпына келтіру бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда. Басым бөлігі ауызсу құбырының жарылуы, құдық ішіндегі фасонды бөліктің шіруі және ауызсу мұнарасының шіруі болып табылады. Ауызсу мұнарасы бойынша Бұқарбай батыр елді мекенінің 50 текше метр және Жаңаталап елді мекенінің 25 текше метр ауызсу мұнарасын ауыстыру қажет. Қазіргі таңда екеуі де жұмыс жасап тұрған жоқ.

– Тұтынушыларға берілетін ауызсу-дың сапасын анықтау мақсатында аудандық СЭС мекемесімен келісімшарт жасалып, ай сайын ауызсу-дың үлгісі алынып, су құрамы тексеріліп отырады. Сонымен қатар су құбыры және су сактау қоймаларына көктем-күз мезгілдерінде жуу және залалсыздандыру жұмыстары СЭС мекемесі мамандарының қатысуымен өз деңгейінде жүргізілуде. Ауызсумен жабдықтау жүйесін эксплуатациялық қалыпты жағдайда ұстап тұру, жоспардан тыс апаттық жағдайларды шұғыл қалпына келтіру және жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары уақытылы жүзеге асуда. Дизельді электр станса және автотехника жайында аудан бойынша 17 ДЭС қондырғысы бар. Оның ішінде 3-еуі жұмыс жасамайды, яғни жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Кезек күттірмес қажеттілік туындап отырған мәселенің бірі – трактор тиегіш пен автокран. Қазіргі таңда екі арнайы келігіміздің сапасы сын көтермейді. Күнделікті жұ-

мыс барысында әрбір көлік құралының жүрген жолы, атқаратын іс-шарасы, нысан атауы және т.б. мәліметтер жол қағазына толтырылып, нормаға сәйкес есептеліп отырады және күнделікті диспетчер арқылы орталық диспетчерлік бөлімге хабар берілуде, – деді ол.

Спикер саладағы бірқатар мәселенің барын да жасырмады. Тарқатып айтсақ, Жалағаш кентінде орналасқан кеңсе ғимараты күрделі жөндеуді қажет етеді. Сондай-ақ «Орталық» насос стансасының темірбетонды қоршауларын құлау алдында тұр. Мұнан бөлек арнайы техникалар да жаңалауды қажет етеді.

Фани Дюсекбаев Бұқарбай батыр, Жаңаталап елді мекендерінің ауызсу мұнараларын жаңалау қажеттігін айтады. Өйткені бүгінде қос мұнара да істен шыққан. Ал Еңбек және Таң елді мекендердегі ауызсу мұнараларының да тозығы жеткен. Бірақ дәнекерлеу жұмыстары жиі атқарылууда. Мұнан бөлек Мәрілі Шөменов елді мекенінің ауыз су қоймасы пайдаланылмай отыр. Өйткені II су тарату насос стансасы мен ауызсу қоймасы арасындағы жерасты темір құбыры шіріп кеткен. Демек ПЭ құбырына толықтай ауыстыру қажет.

Спикер ауызсу қоймаларының үстіндегі көру құдықтарын толықтай ауыстыру қажет деп есептейді. Өйткені жарамсыз күйге түсіп, қойма ішіне құлау алдында тұр. Сондай-ақ кент пен ауылдық елді мекендердегі ауызсу жүйесі бойындағы ашып-жабу реттегіш арматураларын кезең-кезеңімен ауыстыру жұмыстарын атқару күн тәртібінде тұрғанын айтады. Ал Мырзабай ахун Д.Жалтынов, Жаңаталап, Жаңақоныс және Жаңадариядағы насос стансалары жалғыз ұңғымамен жұмыс жасайды. Демек, қосымша ұңғыма қазу жұмыстарын жасау қажет.

Фани Дюсекбаев халықты тәулік бойы сапалы ауызсумен қамтуда мұның бәрі ерекше маңызға ие екенін жеткізді. Сондықтан алдағы уақытта аталған мәселелерді кезең-кезеңімен шешуге жұмыс жасалатынын айтады. Тұрғындардың бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмаған ол халықты суды пайдалануда ысырапшылдыққа жол бермеуге шақырды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Кеңес



Атқарылған жұмыстар пысықталды

Өткен аптада аудандық қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Қоғамдық кеңес төрағасы Қ.Құлмахан модераторлық еткен жиынға кеңес мүшелерімен қатар аудан әкімінің орынбасары Ә.Байнахатов, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының басшысы Н.Сүлейменов (бейнебайланыс арқылы), тиісті ауыл округ әкімдері мен бөлім басшылары қатысты.

Кеңес отырысында Мақпалкөл және Таң ауылдық округі әкімі аппаратында көрсетілген мемлекеттік қызметтер және оның сапасын арттыру бағытында қабылданған шаралар қаралды. Мұнан бөлек «Жалағаш ауданына бірыңғай сәулеттік келбет беруге бағытталған, көпөтерлі тұрғын үйлердің қасбеттерін, шатырларын ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 25 наурыздағы №65 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жобасы талқыланды. Сонымен қатар Жалағаш ауданы әкімдігі «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғыжайды (коммуналдық тұрғын үй қорынан) пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы» Жалағаш ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 9 сәуірдегі №74 қаулысына өзгеріс енгізу туралы қаулы жобасы да қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша хабарлама жасаған Мақпалкөл ауылдық округінің әкімі Бауыржан Тұңғышбаев ауылдық округ әкімі аппараты арқылы көрсетілетін 6 мемлекеттік қызмет бойынша көрсетілген қызметтері мен қызмет сапасын арттыру бағытында қабылданған шаралар туралы баяндады. Сондай-ақ ол биыл 6 айда 5 мемлекеттік қызмет көрсетілгенін жеткізді.

Қоғамдық кеңес мүшелері Ж.Еспенбет, Ф.Дүйсекбаев, Б.Құрақбаев «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілі екенін растайтын ақпарат беру» мемлекеттік қызметінің ұсынылуы туралы, жаңа үй салу, жер қосып алуға өтініштердің болған-болмағаны, 1 адамға мемлекеттік қызметтің толық көрсетілмеу себептері туралы бір-қатар сауал жолдады. Ал Таң ауылдық округінің әкімі Қайрат Сейдахметов ауылдық округ әкімі аппараты арқылы көрсетілетін 6 мемлекеттік қызмет бойынша көрсетілген қызметтері мен қызмет сапасын арттыру бағытында қабылданған шаралар туралы баяндады. Сондай-ақ ол биыл 6 айда мемлекеттік қызмет алуға 9 өтініш түсіп, 8-і толық қанағаттандырылғанын жеткізді. 1-еуі өз еркімен бас тартуына байланысты қызмет көрсету тоқтатылған. Негізсіз бас тартулар мен арыз-шағымдар болмаған.

Үшінші мәселеге байланысты хабарлама жасаған аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-ауышар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ғабит Ербол ҚР кейбір актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша Зандарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Жалағаш ауданы әкімдігінің қаулысын сәйкестендіруге байланысты енгізілетін өзгерістерді атап өтті. Қоғамдық кеңес мүшелері Қ.Құлмахан, Ж.Еспенбет, Ф.Дүйсекбаев, Ж.Қорғанбаев көпөтерлі тұрғын үйлердің модернизациядан өткізілу тәртібіндегі өзгерістер туралы, олардың ішкі жақтарының да жөндеуі, биыл жөндеуден өткізілген және алдағы жоспардағы тұрғын үйлер туралы, қасбеттері мен шатырларының жөндеуі мен тұрғындардың қаржы төлеу мәселесі туралы бірқатар сауал жолдады.

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол-ауышар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ф.Ербол келесі мәселе бойынша да хабарлама жасады. Ұсынылған қаулы жобасы «Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдіс-төмесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы №306 бұйрығына сәйкес әзірленген. Хабарламашы осы бұйрыққа сәйкес тұрғын үйді пайдаланғаны үшін ай сайынғы төлемақы мөлшері жалдамалы тұрғын үйдің жалпы құны, үйдің жалпы ауданы, пайдалану мерзімі негізге алынып анықталатынын айтады. Мысалы, Наурыз учаскесіндегі әр үйге ай сайынғы төлемақы мөлшері 12337 теңге болып отыр.

Қоғамдық кеңес мүшелері Қ.Құлмахан, А.Ахметжамиев, Б.Құрақбаев, Ф.Дүйсекбаев тұрғын үйдің құнын ертерек төлеген жағдайда, жекешелендіріп алу мәселесі, кент әкімдігімен Наурыз учаскесінің бір көшесіне тас төселген жол мәселесі, биыл пайдалануға берілген 111 үйдің сапасына байланысты сұрақтар қойып, аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов бұл сауалдардың түйінін тарқатты. Қоғамдық кеңес мүшесі Б.Құрақбаев келешекте үй салынатын болса, халық өкілдерін қатыстыра отырып, бақылау ұйымдастыруды ұсынды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Тарих

СЫР ЕЛІ ЫҚЫЛЫМ
ЗАМАННАН ЕЛІН, ЖЕРІН
ЖАУДАН ҚОРҒАҒАН
БАТЫРЛАРДАН, ОТ
АУЫЗДЫ ОРАҚ ТІЛДІ
БИ-ШЕШЕНДЕРДЕН,
ҚАРА СӨЗДЕН ҚАЙМАҚ
ТЕРГЕН АҚЫН-ЖЫРАУ,
ЖЫРШЫЛАРДАН, ЕЛ
БИЛЕГЕН, ХАЛҚЫНЫҢ
ҚАМЫН ОЙЛАҒАН ЕЛ
АҒАЛАРЫНА КЕНДЕ
БОЛҒАН ЕМЕС. ТАРИХЫ
ТЕРЕҢДЕ ЖАТҚАН
ТАМЫРЫ БЕРІК ӨҢІРДЕГІ
ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ
БІРЛІГІН САҚТАҒАН
СЫР ТОПЫРАҒЫНАН
НЕБІР ЖАҚСЫЛАР МЕН
ЖАЙСАНДАР, ҒҰЛАМАЛАР
МЕН АХУНДАР, ӘУЛИЕ-
ӘМБИЕЛЕР, БИ-ШЕШЕНДЕР
ШЫҚҚАН. ЗАМАНЫНЫҢ
ТҮРЛІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕ
ОЛАР ЕЛДІҢ БІРЛІГІН,
АҒАЙЫННЫҢ ТАТУЛЫҒЫН
САҚТАУДА ҚАЗАҚТЫҢ
ҚАНЫНА БІТКЕН
ДАЛА ЗАҢЫНЫҢ
ФИЛОСОФИЯСЫМЕН
ХАЛҚЫНА ҚЫЗМЕТ
ЖАСАУДЫ МАҚСАТ ЕТКЕН.
ОЛАР ОСЫНДАЙ ИГІ
ІСТЕРІМЕН ХАЛҚЫНЫҢ
ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНІП,
АРТЫНДА ӨШПЕЙТІН ІЗ
ҚАЛДЫРДЫ.



Шортаңбай би

естеліктері аз да болса бізге жетіп, шама-шарқымызша есімізде қалғанын әңгіме етудеміз.

Шортаңбай би атақ-даңқына қарамай қарапайым күн кешкен Үнемі халқымен бірге болған. «Ел ішінде жарқырап жалғыз көріне бермейін» деп өзімен бірге Беклікбай дейтін сөз зергерін ертіп жүреді екен. Беклікбайдың арғы аталары да сөзге шебер, жүйрік кісілер болған.

Атамыз шешендік пен билікті тең ұстаған, оны тиісті орындарда ұтымды пайдаланып, «сөз жүйесін тапса, мал иесін табады», әділ сөзден аспа, ассаң да таспа. Бақ қарап, қыдыр дарыса, ол бай болады, айла-тәсіл алдау-арбау мен қулық-сұмдықпен жинаған дүниенің берекесі, қайыры болмайды. Үм-пүмен жинаған дүние сүпүмен кетеді. Бөріне қажеттісі – ақыл. Білімді де ақыл ұстайды. Елге игілік ететін жігіттің бес түрлі қасиеті болған» депті шешен.

«Бірінші сөйлейтін төтті тілі болу керек. Сен дегенде не бітеді, Сіз дегенде нең кетеді? Екінші жігіттің ұяты болу керек. Үшінші жігіттің намысы болу керек. Төртінші ағайын-туыс, кемтарларға қамқор болу керек. Бесінші ықыласпен берген сәлем болу керек» деген екен. Аға-іні туралы мынандай бір ұлағатты сөздер қалдырған.

«Ағасы бардың жағасы бар, дұрыс қой, бірақ ол да жақсы болады, ал егер жаман болса, дұшпанға табасы бар. Інісі бардың тынысы бар деген дұрыс болар, ал жаман болса, ағасына төтенше жұмыс бар. Баласы бардың панасы бар, ал бала жаман болса, ата-ананың басында шарасы бар» деп тұжырымдапты. Ағаның ініден құрметті сәлемін алғаны, сәлем беретін інісі болмаса, ағадан қадір кеткені. Қатары жоқтың қадірі кеткен. Тағы да өмірден көзі жеткен әңгімелерінде «Қартайғанда қандай боласың?» дегенде:

«Ажар, буын, қуық кетеді қартайғанда, Жаныңа жан келмейді жантайғанда. Жақсы бол дос-дұшпанға көрінеді, Жанат кейіп, жорға мініп, шалқайғанда»

Онан «Үлкейсең, жас шағынды ұмытпа, жас болсаң, үлкейетініңді ұмытпа» деген ұлағатты сөздер қалған. «Жақсыға істеген қайырының қайтарымы өлі-өлгенше тозбайды, жаманға істеген жақсылығың бір күндей болмайды» деген екен би атамыз. Осыдан бір ғасыр бұрын айтқан философиялық ой-тұжырымдары бүгінгі заманның өзекті мәселесіне айналып отырғанына күмән келтіруге болмайды.

Шортаңбай би патшадай әділ деген асыра айтылған сөз емес. Бұл кісі өз өңірінде әділ шешім айтқан, қара қылды қақ жарып өткендей тұлға болған. Табында екі бидің жөні бөлек болар, Шортаңбай мен Алданазар деген халық. Шортаңбай дауды тындыру, екі жақтың көңілінен шығу өте қиына түсетінін үнемі айтып жүрген. «Екі жақта өзін бірдей жәбірленуші санап отырса, мүлдем қиын. Ал енді елдің дауын даулап отырса, жағдай бір басқа көрінеді» деп тұжырымдаған. Мұндайда қар-

сылас даугердің өзінен басым болғаны дұрыс, өйткені ол не жаққанын, не жығылғанын біледі. «Дұшпаның да мәрт болсын» дейді екен.

Шортаңбай би жанындағы рулас, тайпалас ел ағаларына құрметпен қарап, олардың ой-пікірлерімен, ұсыныстарымен санасып, жастарға қамқорлық, үлкендерге ізет көрсетіп отырған. Ол кісі сыншы да болған. Мысалы, Боқай Табын Тоқмырза байдың, Ошақты Ешмұрат бидің үйінде қонақта болғандағы сөз қастары ел аузында қалған. Ерубай батырдың баласы Шортаңбай жүректі батыр адам болғанға ұқсайды. Бірде арғын елінің жігіттері шетте отырған табын ауылының жүздеген жылқысын айдап кетеді. Артынан барғандарға жөнді жауап бермейді. Ел ағалары келісіп, арғын Сейтек биге жоқтаушыларды жібереді. Сейтек: – Елде не көп, ада-сып жүрген мал көп. өншісін таны-сандар, алып кете беріндер, – деп шығарып салады.

Мұны естіген Шортаңбай би бастаған Сыр елінің жаушылары Сейт-тектің үйіне барып түседі. Шортаңбай өздерін таныстыра отырып:

– Ей аға баласы Сейтек, Кетейік дедік алдарыңнан өтіп, Біз де іргелі елміз, Есеміз ешкімге көрмеген кетіп. Арадағы дауды әділдікпен шешпей, Кесірі тимесін түбіңе жетіп, – дейді.

Естіген Сейтек би барымта малдарды қайтарып бергізген. XIX ға-сырдың 80 жылдары үш жүздің игі жақсылары мен билері жер дауына орай кең дастархан басында бас қосып, ортақ мәмілеге келу үшін алдын-ала пәтуаласып алуға келіседі. Кездесуді үш жүздің қара шаңырағы кіші жүз жерінде Шортаңбай ауылында өткізуге уағдаласады. Ауылға ақбоз үйлер тігіледі. Межелі уақытта үш жүздің билері келіп жетеді. Дау ұзаққа созылады. Ортақ шешімге келе алмайды. Басқосуды басқарып отырған Ұлы жүздің биі:

– Шортаңбай жаста болсаң өз еліңде бас болып жүрген биісің ғой, үй иесі болғандықтан әрі інілік жолыңмен әңгімеге араласпай ізеттік сақтап отырған боларсың. Десе де құлға да бір ауыз сөз деген ғой. Кешеден бергі әңгіме тоқсан ауыз сөздің түйінін өз аузыңнан естийк деп отырмыз, – дейді.

Би атамыз қазақы әдептілікті сақтай отыра «руқсат етсеңдер, мен де өз пікірімді ортаға салайын» деп:

– «Өңкей жақсы кеңессе, Дау шығармай келісер. Өңкей жаман кеңессе, Түк бітірмей көрісер» деген ғой ата-бабаларымыз. Сол айтқандай, қандайда мәмілеге келгеніміз жөн болар. Мұның үстіне жақсылы-жаманды би атымыз бар ғой, өмірлік нәпақа болсын деп. Алла Тағала осы отырған бәрімізге ұланғайыр жер сыйлаған жоқ па? Бұл кімге болса да молынан жететін ортақ қазына дер едім. Екіншіден, үш жүздің бала-сының бір-біріне бөтендігі бар ма? Бір жерден шыққан, тіпті көшегі күнге

дейін еңші алмай бір қазаннан ас ішіп келгенімізді неге ұмытамыз? Тым болмаса ортақ анамыз Айбаршаның әруағын сыйласақ нетті?. Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс бабаларымыз асырап ат арқасына мінізген еді ғой. Иісі қаззаққа күн мен ай қандай ортақ болса, жер мен су да сондай ортақ. Ендеше бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаралық мәмілемен тарқасайық ағайың, – деп аяқтаса керек сөзін Шортаңбай би.

Жиналғандар Шортаңбайдың әділ билігіне тоқтап, риза көңілмен тарқасады.

Бірде Аламесек болысының болысы болған Сарқасқаның бейбіше аталығының елге беделді Бөлебай деген азаматының 18 жасар баласы қайтыс болып, соған қайғысын бөлісуге Сыр бойынан Ұлы жүзден Сауранбай болыс, Балқы базар, Кете Жиенбай жырау мен Ешнияз сәл керейт Орынбайлар келеді. Елдің қайғысына ортақтасып басу айтқан сөздер көп болады. Жиындағы халықтың пікірін тұжырымдаған бір ауыз сөтті айтылған сөз табын Шор-таңбай шешеннен шыққан көрінеді. «Досқа атылған оқ – қойынға түскен шоқ» деген сөзі өте тұжырымдап айтылғандықтан осы кезге дейін ел аузында жүр.

Қорыта айтқанда, Шортаңбай ел тыныштығы мен халқының бірлігін және әділдіктің ақ туын қатар ұста-ған, қара қылды қақ жарған тура би-де туған жоқ деген атаққа лайықты қазақтың билерінің бірі болғанын көрсетеді. Шортаңбай бидің атқа-даңқын өздерінің замандастары жо-ғары бағалаған. Сол жылдары қып-шақ Досбол датқаның Өuez деген баласы араласқан бір дау ұзаққа созылып, шешімін таппай жүрген. Бұл дауды шешуге бейтарап кіші жүздің Шортаңбай бастаған билерін шақырады.

Ол кездері Алданазар бидің сырт елдердегі дауды шешуге ара-ласып жүрген кезі екен. Бұл өзі жесір дауы болса керек. Шортаңбай би сырқаттанып, орнына керейт Ты-нымбайды жібереді. Қасына Алда-назар биді қосады. Шортаңбай өзіне екі биді шақырып алып:

– Өuez дейтін Досболдың баласы өте зерек, сөзге шешен. Содан сақ болыңдар. Биліктерің әділ екі жақты да қанағаттандыратын болсың, – деп ақыл-кеңес берген екен.

Мұнан Шортаңбай бидің өз за-мандастарының арасында Төбе би, ақылшы ұстаз болғанын білеміз.

Мәнді де сәнді өмір сүрген Шор-таңбай би 1922 жылы 80 жасында қайтыс болған. Атамыздың кіндігін тараған Жақсылық, Жанбосың, Сүйін, Жұмағали есімді ұлдары Кеңес дәуірінде өмір сүріп, елге қызмет жасап, ел ағалары болып ұрпақ өсіріп, ата жолын жалғастыруда. Біз-дің міндет – елдің бірлігін сақтап, әділдікті ту еткен жалпы қазаққа ор-тақ тұлғалардың өнегелі өмір жолын жас ұрпаққа насихаттау.

Рысбай КӨРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Ауыл шаруашылығы санағы кезінде қандай сұрақтар қойылады?

1-31 тамыз аралығында Қазақстанда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының бірінші кезеңі өтеді. Осы уақыт аралығында барлық қатысушы сапаq.gov.kz сайтында онлайн форматта санақтан өте алады. Сайтта ауыл шаруашылығы өндірушілері мен үй шаруашылықтарына арналған әкі түрлі сауалнама парағы болады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

1–31 тамыз онлайн кезең

Егер сіз ауыл шаруашылығы өнімнің өндірушісі болсаңыз, сапаq.gov.kz сайты арқылы санақтан өтіңіз

Қатысудың маңызы:

- Аграрлық саланы қолдау үшін маңызды деректер жиналады
- Ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосасыз



сапаq.gov.kz

Барлық сұрақ бойынша: 1446

Өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен немесе балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары 2-АШК/ШФҚ санақ парағын толтыруы тиіс. Бұл сауалнама тоғыз бөлімнен тұрады және 29 сұрақты қамтиды. Онда жер учаскелерінің көлемі, олардың қалай пайдаланылып жатқаны, суару тәсілдері, жердің меншікке немесе жалға алынғаны туралы мәліметтер көрсетілуі керек.

Сондай-ақ сауалнамада шаруашылықтағы мал, құс, балық саны, қолданылатын техника, құрал-жабдықтар, қоймалар, сақтау орындары мен басқа да қажетті нысандар туралы ақпарат сұралады. Қатысушылар тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану, органикалық өнім өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сондай-ақ жұмысшылардың саны мен олардың сипаттамасы жөнінде де мәлімет береді.

Егер шаруашылық бірнеше өңірде қызмет жүргізсе, әр өңір бойынша жеке бөлімді толтыру қажет. Бұл парақта жер учаскелерінің, егістік алқаптарының, мал мен құстың нақты орналасқан жері көрсетілуі тиіс.

Бақша өгетін немесе мал мен құс ұстайтын үй шаруашылықтары да санаққа қатысады. Олар үшін 3-ЖҚШ сауалнама парағы қарастырылған. Бұл сауалнамада қандай дақылдар өсірілетіні, қанша мал мен құс ұстайтыны, жайылымдарды қолданатыны, мал ұстауға арналған құрылыстардың бар-жоғы, сондай-ақ өнімнің сатылатыны немесе жек тұтынуға пайдаланылатыны туралы мәлімет беріледі. Үй шаруашылықтарына арналған сауалнама 8 бөлімнен және 22 сұрақтан тұрады.

Барлық ұсынылатын ақпараттың құпиялылығы сақталады, деректер «Мемлекеттік статистика туралы» заңымен қорғалады және салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

Санақ аясында Бюро өліміз бойынша шамамен 300 мың ауыл шаруашылығы ұйымын және 2 млн үй шаруашылығын қамтуды жоспарлап отыр.

«ЖЖ» ақпарат

Сақтансаң, сақтайды



Көлікте өрт қауіпсіздігін сақтайық

Автокөліктердегі өрт оқиғалары көбіне электр сымдарының тұйықталуы, жанармай жүйесіндегі ақаулар және жүргізушілердің немқұрайлығынан туындайды. Мұндай жағдайлар адам өміріне және көлікке үлкен қауіп төндіреді.

Өрттің алдын алу үшін бірқатар қауіпсіздік шарасын сақтау қажет. Мәселен, электр сымдары мен жанармай жүйесін тұрақты тексеріп отыру керек. Көлікте міндетті түрде жарамды өрт сөндіргіш болуы қажет. Шылым шегу кезінде абай болыңыз, шылым шоғын салонда қалдырмау керек. Көлікті отқа қауіпті заттармен, мысалы, бензин құйылған бөтелке толтырмаған дұрыс. Қозғалтқыш қызып кеткен жағдайда оны дереу сөндіріп, техникалық қызметке жүгініңіз. Өрт шыққан жағдайда адамдарды қауіпсіз жерге шығарып, өрт сөндіргіш құралымен отты өшіруге тырысу керек. Сондай-ақ 101 немесе 112 нөміріне хабарланыз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Мезгіл мәселесі

Аяқсудан тапшылық жоқ

Егіншілікті атакөсіп еткен Сыр елі шаруалары дария суына тәуелді. Сондықтан егін егуде су үнемдеу технологияларын енгізу – бүгінгі күннің қажеттілігі. Осы орайда аяқсу мәселесін шешу мақсатында Үкімет, жергілікті билік пен диқандар бірлесіп, бірқатар жобаны қолға алған.

Соның ішінде Су ресурстары және ирригация министрлігі тамшылатып және жаңбырлатып суару жүйелеріне көшу үшін барлық жағдайды жасап отыр. Лазерлік тегістеу сияқты технологияларға ерекше назар аударылады, бұл әдіс суармалы суды 30 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, лазерлік тегістеуіш сатып алуға субсидиялар егіс алқабы кемінде 200 гектар болатын шаруашылықтарға ғана төленетін талапты алып тастаған. Осындай жұмыс арқылы елдің ауыл шаруашылығында бұл технологияны 100 пайызға қолдануға қол жеткізу жоспарланған.

Быылтыр 55 мың гектар күріш алқабын лазермен тегістеудің арқасында аймақта 200 млн текше метр су үнемделген. Бұл алқаптардағы орташа өнімділік гектарына 40-55 центнерден 70-80 центнерге дейін өсті. Сондай-ақ егіс алқаптарына су беруді жақсарту үшін облыста барлығы 324 агрегат орнатылған. Қазіргі уақытта облыс бойынша барлық егіс алқабының 98 пайызы кезекпен суарылууда.



Вегетация кезеңі басталғалы бері «Қазсушардың» Қызылорда филиалы диқандармен суармалы су беру бойынша 1015 келісім-шарт жасасқан. Бүгінде өңірде 120,2 мың гектар жер суарылды, ал су алу 2,766 млрд текше метрді құрайды.

Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов аудандағы егіс алқаптарының жай-күйін, егінді сумен қамтамасыз ету жұмыстарын жеке бақылауына алған. Көктемде су тапшылығына байланысты аудан әкімінің өкімімен арнайы штаб құрылды. Қазіргі таңда сумен қамтамасыз ету мәселесі қатаң бақылауға алынып, егінге қажетті су көлемі кезектілік тәртібімен берілуде.

Аудан бойынша биыл 37 149 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде негізгі дақыл күріштің көлемі 19 764 гектарды құрайды. Шаруашылықтар тарапынан өгінді күтіп-баптауға қажетті 10 400 тонна минералдық тыңайтқыш пен 22 300 литр гербицид

алынып, егінге уақытылы берілуде. Диқандар «Жалағашсушар» өндірістік учаскесімен су жеткізіп беру қызметіне көпісім-шартқа отырған. Ал 461 гектар күріш дақылы қашыртқы суын қайта пайдалану арқылы насос қондырғыларымен суландырылуда. Бүгінде аудан шаруашылық құрылымдары 29 дана насос қондырғысын қосып, өгінді сумен қамтамасыз етуде.

Жандос ЖАЗКЕН

Айтпайын десең...

Алимент төлеу – қарыз емес, парыз

Қазіргі таңда қоғамдағы өзекті мәселенің бірі – зорлық-зомбылық, ана мен бала құқығы, ажырасу және алимент. Психологтар мәселенің басты себебін екі жастың асығыс шешім қабылдап, шаңырақ көтеруімен байланыстырады. Нәтижесінде дәм-тұзы жараспай, отбасында зорлық-зомбылық көріп, құқығы тапталған ана амалсыз ажырасуға бел буып, алимент алуға өтініш білдіреді. Алайда қазір бауыр беті баласынан безетіндер көбейген. Жалақысын жасырып, алимент төлеуден жалтаратындарға қандай жаза қолданылады? Баласына берешек борышкерлер қанша? Тарқатайық...

15 мың адам алимент төлеуден қашып жүр

Биыл елімізде алимент қарызы 19 млрд теңгеден астам қаржыны құрап, 15 мыңнан астам алимент проблемалық деп танылған. Яғни 15 мыңнан астам адам алимент төлеуден қашып, өз баласына берешек болуда. Ел бойынша алимент өндіріп алу үшін 285 мың құжат тіркелген. Оның ішінде 278 мыңға жуық алимент мерзімінде өндіріліп алынуда, яғни алимент борышкердің жұмыс орнынан ай сайынғы жалақысынан ұсталынады.

Айта кетейік, сот шешімінің негізінде бір балаға борышкер жалақысының 4/1 пайызы, екі балаға 3/1 пайызы, үш баладан көп болса, табысының тең жартысы төленеді. Борышкерлердің басым бөлігі – ер адамдар.

Сондай-ақ әдейі алимент төлемеген әке қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Жыл басынан бері алимент төлемегені үшін 126 қылмыстық іс қозғалған. Әділет министрінің Мәжбүрлеп орындату комитетінің төрағасы Махсат Балабеков



борышкерлерге қатысты қолданылатын шараның ең соңғысы әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту екенін тілге тиек етті.

Биыл 1 596 борышкер әкімшілік жауапкершілікке, қылмыстық кодекстің 139-бабы бойынша 123 борышкер, 430-бабы бойынша 3 борышкер қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Ал өткен жылы баласына алимент төлемеген 4,5 мыңнан астам борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

250 әйел баласына алимент төлеуден жалтарған

Облыста алимент төлемдерін өндіріп алу бойынша 13 177 құжат қаралған. Оның 583-і толық аяқталса, қалған 12 571 істің 6 240-ы мерзімді орындау тізімінде, ал 4 576 борышкер алимент төлемдерін өз еркімен төлеуде. Барлық құжаттың 13,9 пайызы проблемалық алимент өндіру бағытында. Жауапсыз борышкерлердің кесірінен қордаланған қарыз сомасы 400,5 млн теңгені құраған. Оның 255 млн теңгесі жыл басынан бері, ал 145,5 млн теңгесі

мүлде төленбеген. Борышкерлер арасында алимент қарызы 5 млн, тіпті 8 млн теңгеге жеткендер де бар. Жеке сот орындаушылар оларға қатысты тиісті шара қолданып, қарызының орнына әйелінің атына үй аударып берген.

Заң өкілдері тұрақты қадағаламаса, борышкерлердің өз еркімен алимент төлейтін ойы жоқ. Облыста алимент төлемей жүргендердің 12 320-сы – ер адам, 250-і – әйел адам. Алимент төлеуден жалтарып жүрген 28 адам Әкімшілік кодекстің 669-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Аудандағы ахуал қандай?

Быылтыр елімізде 124 мың жұп үйленген. Ал 60 мыңнан астам отбасының шаңырағы шайқалған. Сондай-ақ 2 айдан артық алимент төлемегендердің үстінен 4500 әкімшілік іс, 6 айдан асырғандарға қарсы 391 қылмыстық іс қозғалып, 139-ы баласының алдындағы міндетін орындамағаны үшін сотталған. Ал енді аудандағы ахуалды тарқатайық.

Ауданда жыл басынан бері 56 жас үйленсе, 11-і заңды түрде ажырасқан. Соңғы жылдары ажырасу мәселесі әсіресе жастар арасында көбейген. Мұнымен қоса борышкерлер саны да жыл сайын артуда. Мәселен, жыл басынан бері 12 ана алимент өндіруге арыз берген. Борышкерлер арасында табысын әдейі жасыратындар немесе айлығын аз етіп көрсететіндер де жоқ емес. Ауданда бүгінде 598 борышкер бар. Оның 17-сі баласына алимент төлеуден жалтарған. Бүгінде олардың қарызы 16,6 млн теңгені құрап отыр.

Иә, қоғамда баласының болашағына алаңдамай, тайрандап жүрген қашқын әкелер қатары артуда. Олар баласынан безгенмен, заңнан қашып құтыла алмайды. Себебі баласына борышкер әкелерге қолданытын жаза түрі жеңіл емес. Сондықтан борышкерлер баласының болашағына алаңдап, жауапкершіліктен жалтармай, әке екенін ұмытпаған жөн.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Спорт жаңалықтары



«Қайсар» «Қызылжарды» жеңді

Сыр елінің беткеұстар «Қайсар» клубы ерте соғылған жалғыз голмен үш ұпайды сақтап қалды. Нақтырақ айтсақ, өткен сенбіде облыс орталығында Қазақстан Премьер-лигасының 18-туры аясында өткен кездесуде жергілікті «Қайсар» өз алаңында «Қызылжарды» қабылдады.

Тартысты өткен ойында алаң иелері 1:0 есебімен жеңіске жетті. Ойын бірінші минуттан бастап алаң иелері үшін сәтті басталды. Теңбіл доп додасының үшінші минутында жартылай қорғаушы Никита Губарев есеп ашып, командасын алға шығарды. Алайда бұл гол ойындағы жалғыз әрі шешуші сәт болды.

Кездесудің аяқ шенінде «Қайсар» қиын жағдайға тап болды, яғни 87-минутта команда ойыншыларының бірі қызыл қағаз алып, алаңда бір ойыншыға кем қалды. Соған қарамастан, қызылордалықтар мінез көрсетіп, қорғаныста сауатты ойнап, ерте соғылған голды кездесудің соңына дейін сақтап қалды. Бұл жеңістен кейін «Қайсар» 17 ұпаймен турнирлік кестеде 10-орынға көтерілді, ал «Қызылжар» 19 ұпаймен 9-орында қалды.



Қайзақ файтері жеңіске жетті

Бұрын Қазақ елі Геннади Головкиннің жекпе-жекін тамашалауға таң атысымен тұратын. Батыр үлкен спорттан кеткелі жекпе-жек десе дербесі қозатын қазақ жұрты үшін көретін қызық қалмағандай болды. Қуантарлығы, өткен жексенбіде жерлесіміз Асу Алмабаевтың өнеріне тәнті болдық. Қазақстандық файтер Асу Алмабаев (22-3) UFC on ABC 9 турнирінде перулік Хосе Очоамен жекпе-жекке шықты.

Асу Алмабаев жекпе-жек алаңына қазақтың көк туын желбіретіп, ұлттық патриоттық әнмен шықты. Шыны керек, жекпе-жек өте тартысты өтті. Жерлесіміз қарсыласынан күрес, бақылау және темп басқару жағынан толық басымдық танытты.

Бірінші раундта Асу алғашқы секундтардан-ақ күреске көшіп, өз стилін таңуға кірісті. Перуандық алғашқы тейкдауна төтеп берді, бірақ екіншісі дәл орындалды. Алмабаев қарсыласын партерге түсіріп, үстемдігін көрсетті. Раунд соңында Очоа белсенділік танытып, Асуға арқадан шықты, дегенмен жалпы раунд қазақстандық файтердің пайдасына өтті.

Екінші раундта Асу Алмабаев өз қарқынын жалғастырды. Очоа тізе мен жалғыз соққылармен қарсылық көрсетуге тырысты, бірақ тағы да партерге түсті. Асу үстемдігін сақтап, шынтапқан шабуылдады, позицияларды алмастырып отырды және қарсыластың сабмишен әрекеттерін сәтті тоқтатты. Бұл раунд та анық жерлесіміздің пайдасына жазылды.

Үшінші раундта бір қарқында қайталанды. Асу ерте тейкдаун жасап, үстіңгі позицияны сақтады. Очоа қорғануға тырысқанымен, нәтижесіз болды. Тік тұрыста перуандық бірнеше соққы дарытқанымен, көп ұзамай қайтадан Асудың астына түсті. Алмабаев жекпе-жектің соңына дейін толық бақылау орнатып, жеңімпаз екеніне еш күмән қалдырмады. Осылайша Асу қарсыласынан айқын басым түсіп, төрешілерінің бір ауыздан шешімімен жеңіске жетті. Сөйтіп оның UFC-дегі көрсеткіші 6 жекпе-жекте 5 жеңіс және 1 жеңілісті құрады.

Айқын жеңіске жеткен Асу Алмабаев UFC-дегі ең жарқын және тұрақты жеңіл салмақ өкілдерінің бірі екенін тағы да дәлелдеді. Бұл – оның алты жекпе-жектегі бесінші жеңісі.

ЖАРЫН

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2681 Тапсырыс №1258